

Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінің
2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы

Ата –аналармен жүргізілген жұмыстың және ата –аналардың педагогикалық қолдау
орталығының жұмысының талдамасы

Ата — аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

- * Ата — ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту;
- *Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту;

- * Ата – аналармен жұмыс жасаған кезде бірізділік қағидасын басшылыққа алу;

Ал міндеттері:

- * Бала өміріне қолдау жасау, келешекте өз жемісін береді.
- * Қоғам тарапынан көрсетілген қолдау, ата — ананың өміріндегі тұрақтылық пен болашаққа деген сенімін нығайтады.

Қазіргі уақытта жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы еңбек ұжымының күнделікті ісіне айналуға тәрбиешілердің практикасында ата — аналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің әр түрлі формалары қалыптасып, жемісті түрде қолданылуда. Олар ата — аналармен жекелеп және ұжымдық жұмыстар жүргізді.

Отбасы тәрбиесіндегі кездесетін сәтсіздіктер ата — аналардың педагогикалық сауатсыздығынан және оларда тәрбие жұмысын жүргізуге қажетті тәжірибенің жоқтығынан болады. Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата — аналарға көмектесу тәрбиешілердің міндеті .

2022-2023 оқу жылы мектепте жыл басында 31 отбасы бар. Оның ішінде толық емес отбасы 6 отбасы, өгей әкемен тұратын 2 отбасы бар. Мектепте ата-аналар комитеті жұмыс жасайды, құрамында 5 ата-ана, төрағасы Тоқабаева Гүлнар Елубайқызы. Жыл басында ата-аналармен жұмыс жоспары жасалып, бекітуге ұсынылды. Жоспар бойынша балалардың тәртібіне, киім кию үлгісіне қойылатын талаптар, оқушылардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша тиімді жұмыстар сияқты мәселелер, сонымен қоса ата-аналарды мектеп өміріне араластыру мақсатында тренингтер мен дөңгелек үстелдер жоспарланған.

Мектепте «Мейірім» аналар клубы мен «Ұлағатты әкелер» клубы жұмыс жасайды. Олардың қатысуымен түрлі шаралар өткізілді.

https://www.instagram.com/p/Ci1S8uAI4mZ/?img_index=1&igsh=MWwxdmxzNGp5cjN2cA==

<https://www.instagram.com/reel/CjU2vl6glXe/?igsh=MTg0M2tqYzFkaGRtcw==>

<https://www.instagram.com/p/Cm033E1glmY/?igsh=ajZzdmT5aXg5Y2V1>

<https://www.instagram.com/reel/CnhbWacDw-u/?igsh=MTR3NTZ6NzJtc2piMw==>

<https://www.instagram.com/reel/CottUotAMu5/?igsh=Mmw5OWkyaTZtZGp4>

<https://www.instagram.com/reel/CsTFmx5A145/?igsh=Y3J2YWx4amVuNmZl>

<https://www.instagram.com/reel/CsYqf-pozhK/?igsh=eW41emsxNjZneGI0>

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде ата-аналарды педагогикалық орталығы құрылды. Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізілді.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/Cw9HaMBI8RR/?igsh=MWgyNjY5cWV2NmQyMA==>

<https://www.instagram.com/p/CxscoSJos5I/?igsh=Yzl1b2R1eWM3aTB0>

https://www.instagram.com/p/Cxx3BawIxC/?img_index=1&igsh=dGJqMmZ2NHBjZWg0

https://www.instagram.com/p/Cyk5k_ZITK5/?igsh=NmlxZWJrMjgwbGNw

<https://www.instagram.com/reel/CzLd0m3gRA0/?igsh=Yzl4Y3FiMXdpYzU4>

<https://www.instagram.com/reel/Czbgu3wImlN/?igsh=MXhjbXRwb2gxeHd6aw==>

<https://www.instagram.com/p/C16RughIT6Z/?igsh=bm16ZW92ZjJ5czl5>

<https://www.instagram.com/p/C3m-LllI0Ug/?igsh=MWg5NW1weXhmN3dmaA==>

<https://www.instagram.com/reel/C50tvwvIwPR/?igsh=MXdraXBydTI1enN5cQ==>

<https://www.instagram.com/reel/C7D44jwARps/?igsh=bnI0NXVkOXQycm4z>

Білім беру саласындағы жетекші үрдістердің бірі білім беру қызметтерінің түпкілікті нәтижелерін, яғни мектепте оқу нәтижесінде баланың иеленуі тиіс білімі мен дағдыларын қайта ойластыру болып табылады. Олардың арасында психологиялық әл-ауқатты, физикалық денсаулығын сақтауға, күйзеліс пен белгісіздік жағдайларында өзін-өзі сақтау құзыреттерін дамытуға көмектесетін әлеуметтік және эмоциялық дағдылар, сондай-ақ коммуникациялық дағдылар мен кең әлеуметтік байланыстарды құру қабілеті ерекшеленеді.

Ата-аналарды қолдау балаларға өзіне деген сенім, эмоциялық басқару, сыныптастары тобында өмір сүру және ұжымда жұмыс істеу сияқты әлеуметтік және эмоциялық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Ата-аналарды мектептің оқу процесіне тарту баланың білім алуы мен оқуына оң көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі, баланың академиялық нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді, бұл болашақта білім берудің жалғасуына және өзін-өзі дамытуға ұмтылуға әкеледі.

Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығының 2024-2025 оқу жылының жоспарына сай келесі тақырыптар қамтылды. Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының негізі, Дұрыс тамақтану әдет-ғұрпын құру, Отбасылық келісімнің кепілі – сенімді қарым-қатынас, Логикалық ойлауды үйрену, Балалардың қауіпсіздігі – ересектердің қамқорлығы және т.б. Педагогикалық қолдау орталығының суреттері мен өту барысы инстаграмм парақшаларына жариланып отыр.

<https://www.instagram.com/p/DC50Upvo-RN/?igsh=Mnd4YW8wczZ1eGJu>

<https://www.instagram.com/p/DCisBBQIQeD/?igsh=d2pjdHV5aW1hdmdi>

<https://www.instagram.com/reel/DCE-nJ1AYQu/?igsh=MWxvM29idTYzYnFyZW==>

<https://www.instagram.com/p/DBtOfvBgQ0l/?igsh=eHB2MWc0YjZsbGJ6>

<https://www.instagram.com/p/DBQwRnIAqlp/?igsh=MTRudmhwm2Nkb3lncg==>

<https://www.instagram.com/p/DA-zamVA4MO/?igsh=Znc5dHBsb3gwem81>

<https://www.instagram.com/reel/DDZeHQpAium/?igsh=MTBkMnE4ODJpbWVvag==>

<https://www.instagram.com/reel/DFVIny5Au28/?igsh=MW01eWEzYzdlOGYybA==>

<https://www.instagram.com/reel/DFrufhvgHQj/?igsh=MTJkZ2YwNm13b3A4aQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DI08uEwgsPV/?igsh=N3o4dzljNjA1c24x>

https://www.instagram.com/reel/C_lRo9bI3OV/?igsh=aWN3YTR0Nms0dGRz

https://www.instagram.com/p/C_hv-nfgrv2/?igsh=ZnhzaGFtanBkZG5u

